

Сондықтанда педогогикалық жұмыста бір не өзге міндеттерді баса көрсетуге жүгінеді. Әрбір қимылға үйренуде оқушы жаңадан қабылдаған және өзінде бар бұрынғы біліміне сүйенеді

Дене тәрбиесіндегі білім - бұл дұрыс ұйымдастырылған дене тәрбиесі негізіндегі нақтылықтар мен түсініктер және заңдылықтардың белгілі жүйесі.

Білімнің сапасын арттыру мен көлемін кеңейту оқытудағы саналық қағидасын жүзеге асырудың, баланың танымдық белсенділігін тәрбиелеудің ең маңызды міндеттерінің бірі. [3,17 б].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жалпы мектептерге арналған дене тәрбиесінің бағдарламасы. 2010 жыл
2. Матвеев Л.П. Дене тәрбиесінің теориясы мен тәсілі М. 1987г.
3. Төтенай Б., Басыбеков Б. Дене шынықтыру. – А.- Атамұра, 2000ж.
4. Тілеуғалиев Ю., Адамбеков Қ., Қасымбекова С. Дене тәрбиесі. А. 2003ж.

ҚАЗАҚ ТІЛДІ ОҚУШЫЛАРҒА АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ СӨЗ ТАПТАРЫН ТҮСІНДІРУДЕ ЕСКЕРІЛЕТІН ЕРЕКШЕ ЖАЙТТАР

*Юнусова Камила Абибуллақызы
Ы.Алтынсарин ат. Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты
Педагогика және филология факультеті
«Шетел тілі: екі шетел тілі»
мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Айтжанова Б.Б.,
аға оқытушысы*

Қарыштап дамып келе жатқан әлемдік жаһандану біздің елімізді де шет айналып өтпесі анық. Оның негізі ретінде барлық салалардағы талаптың күшеюін айта аламыз. Әлемдік стандартқа жауап беру үшін әлемдік деңгейдегі мамандар қажет. Оны жүзеге асыру үшін ең негізгі жол ағылшын тілін жетік меңгеру болып табылады. Ағылшын тілінің маңызы артып отырған мына заманда ағылшын тілін жеңіл әрі ұтымды жолдармен меңгерту түйіткілді мәселелердің бірі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, бізге орташа немесе жақсы мамандардың қажеті жоқ, бізге «өте жақсы» деген мамандар керек. Ағылшын тілін оқытуда бұл өте маңызды. Білімнің жақсы қалануына тек мамандар ғана емес, оқытылу жолдары мен тәсілдері де маңызды рөл атқарады. Біздің алдымызда, ағылшын тілін ана тілінен кем түспейтін дәрежеде қалай меңгерте аламыз, деген маңызды сұрақ тұр.

Соңғы жылдары шетел тілін оқыту әдістемесінде көп айтылып жүрген, әрі тереңірек зерттелуді талап етіп отырған тілдер арасындағы интерференция және трансференция құбылыстары тілді меңгертуде өз пайдасын тигізеді. Ойымызды аша түссек, ана тілі мен шетел тілінің, яғни қазақ тілі мен ағылшын тілінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтап алып, ұқсастықтарды ұтымды пайдаланып, кері әсердің күшін азайтуға тырысуымыз керек.

Трансференцилық және интерференциялық құбылыстарды анықтап алу үшін, қазақ және ағылшын тілдерін салыстырып алуымыз керек. Салыстырып алған соң, түсіндіргенде көбірек көңіл бөлінетіндер мен уақытты көп талап етпейтін ережелерді талдаймыз. Қазақ тілі мен ағылшын тілдері екі басқа тіл топтарына жататын туыстас емес тілдер. Бұл екі тілдің өздеріне жараса ерекшеліктері бар, бірақ ұқсастықтары жоқ деп айтуға болмайды. Екі тілге де тән қасиет негізгі сөз таптарының (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу) ұқсас болуы. Көмекші сөз таптарында айтарлықтай айырмашылықтар бар және оларды

түсіндіру қиындық тудыруы мүмкін, сондықтан сондай жайттарды тілді меңгерту барысында ескеріп, көбірек көңіл бөлу керек.

Ағылшын тілі	Қазақ тілі
<i>Notional words:</i> The Noun, The Adjective, The Numeral, The Pronoun, The Verb, The Adverb.	<i>Атауыш сөздер:</i> зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер
<i>Auxiliary words:</i> The Conjunction, The Preposition, The Article	<i>Көмекші сөздер:</i> шылау сөздер, көмекші есімдер, көмекші етістіктер.
<i>Interjection.</i>	<i>Одағай сөздер.</i>

Екі тілдегі айырмашылық сол – қазақ тілінде Предлог, Артикль жоқ, ағылшын тілінде Модаль сөздерімен Еліктеу сөздер болмайды[2.86]. Енді осы сөз таптарына толығырақ тоқталып, түсіндіруде көп көңіл бөлетіні мен уақытты көп талап етпейтіндерін саралайық.

Сөз таптарының басы болған зат есім мағыналық жағынан қазақ және ағылшын тілдерінде бірдей. Зат есім қазақ тілінде жалпы және жалқы болып екі топқа бөлінеді, ағылшын тілінде солай *Common Nouns, Proper Nouns* болып бөлінеді. Алайда, жалпы зат есім ағылшын тілінде өз ішінде және екі Class nouns and Collective nouns деп аталмыш топтардан тұрады. Жалпы және жалқы деп бөлінуі ұқсас болғандықтан, оларды түсіндіруге көп уақыттың қажеті жоқ, жалпы зат есімнің түсіндірілуіне көбірек уақыт жұмсаған жөн.

Жоғарыда келтірілген мысал негізінде сөз таптарының ішіндегі үстеуді талдайық. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі үстеуге талдау жасау арқылы олардың құрылысы және мағынасы жағынан ұқсастықтар мен айырмашылықтарына кеңірек тоқталайық.

Үстеу – қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын, т.б. сипаттарын білдіретін және грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздер[1.756]. Мысалы: *Кейін баспай, ілгері (қайда?) бас. (Шәкәрім). Жоғары – төмен (қалай?) үйрек-қаз ұшып тұрса сәмпылда. (А.)*

Adverbs are used to modify a verb, an adjective, or another adverb:

[1] Mary sings beautifully (Мэри әнді әдемі айтады). [2] David is extremely clever (Дэвид тым ақылды).

In [1], the adverb beautifully tells us how Mary sings. In [2], extremely tells us the degree to which David is clever[4.1106].

Қазақ тілінде үстеулердің құрылысын қарай топтастырылуы

Негізгі түбір үстеулер – құрамы жағынан түбір және қосымшаға бөлшектеуге келмейтін үстеулер. Мысалы: *жылдам, тез, ақырын, ерте, кеш, бұрын, жорта, жоғары, төмен, қазір, т.б.*

Негізгі үстеудің көпшілігіне сын есім шырайының - *-рақ, -рек, - ырақ, -ірек*, және *-лау, -леу, -дау, -деу, -тбау, -теужұрнақтары* жалғана алады. Мысалы: *жылдам- жылдамырақ, жылдамдау.*

Туынды түбір үстеулер – басқа сөз таптарынан сөзжасам жұрнақтарының жалғану арқылы және кейбір септік жалғауларының түбірімен сіңісіп, көнеленуі арқылы жасалған үстеулер.

- -ша, -ше: *орысша, адамша, балаша, көзінше;*
- -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей: *шикілей, қыстай, осылай, (жаз өтті), ақшалай;*
- -шама, -шеме, -шылық, -шілік: *осыншама, соншалық;*
- -майынша, -мейінше, -бойынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше: *айтпайынша, (келмейді), оқымайынша (білмейді), тыңдамайынша (түсінбейді).*

Түбір сіңісіп, көнеленіп үстеу тудыратын септік жалғаулар:

Барыс септіктің көнеленуімен қалыптасқан үстеулер: *бірге (жүр), кешке (қайт), босқа (жүрме), текке (ұрысты).*

Жатыс септіктің көнеленуімен қалыптасқан үстеулер: *баяғыда (болыпты), аңдаусызда, қапыда;*

Шығыс септіктің көнеленуімен қалыптасқан үстеулер: *шалқасынан (құлады), кеңінен (әңгімелесті), шетінен, тосыннан;*

Көмектес септіктің көнеленуімен қалыптасқан үстеулер: *жөнімен (айт), кезекпен, шынымен, ретімен;*

Күрделі үстеулер –екі я одан да көп түбірдің я сөздің бірігуінен, қосарлануынан, тіркесіп тұрақтануынан жасалды[1.776]. Мысалы: *жаздыгүні (жазды күні), таңертең, ендігәрі (ендігі деп әрі), биыл, бүгін (бұл+күн), жоғары- төмен, анда-санда, жата-жастана, енді-енді, күні бүгін, ала жаздай, ертеден қара кешке дейін.*

Ағылшын тілінде үстеулер құрылысына қарай былай топтастырылады.

Жай(simple):often, now, much, here, there, rather.

Туынды (derived) (сын және зат есімдерден –лужұрнағы арқылы жасалатын): easy – easily, soft-softly, clear-clearly, part-partly.

Күрделі (complex):everywhere, upstairs, downstairs, uphill, downhill, somehow, sometimes, anyway, anyhow.

Құрама (compound):for ever(мәңгілікке), at least (әйтеуір), at first (алдымен), at best (жақсы жағдайда), till now (қазірге дейін)[4.1516].

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі үстеулердің құрылысына қарай бөлінуі ұқсас, бірақ қазақ тілінде күрделі үстеулер ағылшын тіліндегі күрделі (complex) және құрама (compound) үстеулерді бірге қарастырады. Оны түсіндіру айтарлықтай қиындық туғызбайды, дегенмен түсіндіру барысында мұғалімдер осы екеуінің кіші айырмашылығына көбірек көңіл бөлгендері жөн.

Үстеудің мағыналық түріне қарай бөліну кестесі:

Үстеудің түрлері	
Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде
Мезгіл үстеу Қашан? Қашаннан? <i>таңертең, кешке, қазір, енді, ендігәрі, бұрын, күндіз, ертеден</i>	Мезгіл үстеулер: today, yesterday, tomorrow, soon.
Мекен үстеуі Қайда? Қайдан? <i>мұнда, осында, сонда, артта, арттан, әрі, бері,</i>	Мекен және бағыт үстеулері: <i>here, there, forward, uphill.</i>
Мөлшер үстеуі Қанша? Қаншама? <i>негұрлым, мұншама, соғұрлым, анағұрлым, әжептәуір, қыруар, бірқыдыру, талай, бірталай, т.б.</i>	Мөлшер үстеулері: <i>too, much, a lot, a great, somewhat.</i>
Күшейтікш үстеуі Қалай? (қандай?) <i>нақ, әнтек, мүлдем, дәл, нағыз, керемет, орасан, ерен, әрең, аса, өте, т.б.</i>	Шырай үстеулері: <i>very, almost, rather, quite, nearly.</i>
Себеп-салдар үстеуі Не себепті? Неге? Қалай? <i>бекерге, жоққа, құр босқа, лажсыздан, амалсыздан, шарасыздан</i>	Себеп-салдар үстеулері: <i>therefore, however, consequently, otherwise, besides.</i>
Сын-қимыл (бейне) үстеуі Қалайша? Қалай?Қайтіп? Кімше? <i>бұрынғыша, қолма-қол, осылай, өйтіп-бүйтіп, әрең-әрең, келе сала, емін-еркін, лезде, қаннен-қаперсіз.</i>	Сұраулы сөз ретіндегі үстеулер: <i>How? How long? Where? Why?</i>
Мақсат үстеуі Қалай? Не мақсатпен? <i>әдейі, әдейілеп, жорта, қасақана</i>	Сөйлемге толығымен байланысатын үстеулер: <i>obviously, evidently, happily, indeed, possibly.</i>

Кейбір жағдайда үстеу формасы сын есім формасымен сәйкес келеді. Мұндай сөздерге: **hard, fast, late, early, low** жатады[3.3006].

Жоғарыда аталған етістіктердің кейбірелері дәнекерлік қызметін атқарумен бірге, баяндауыш ретінде де жұмсалады. Мұндай жағдайларда етістік үстеу арқылы (сын есім емес) анықталады.

Салыстырыңыз:

Dana looked angrily at him.

Дана оған салқын қабақпен қарады.

(angrily үстеуі to look – етістігін анықтайды)

Askar felt very nervous.

Асқардың жүйкесі тозды (сын есім nervous Асқардың көңіл-күйін анықтайды, ал етістік байланыстырғыш қызметінен жұмсалады).

Үстеудің салыстырмалы шырайлары сын есімнің шырайлары сияқты жасалады.

Бір жақтағы күрделі үстеулер жай шырайға – ег жұрнағының қосылуы арқылы салыстырмалы шырайды жасайды, ал – est жұрнағының көмегі арқылы күшейтпелі шырайды жасайды. Көп жақтағы күрделі үстеулердің салыстырмалы шырай үшін more, күшейтпелі шырай үшін most сөздерінің көмегі арқылы жасалады.

Мысалы:

Hard – harder – hardest;

Correctly- more correctly- most correctly

Soon- sooner- soonest

fast- faster– fastest

Сәйкес сын есімдерден мынадай үстеулердің мағынасын есте сақтау қажет: nearly, hardly, lately.

Мысалы:

It's nearly time for dinner.

Түскі тамақ ішетін уақыт болып қалыпты.

I could hardly understand what he was saying.

Мен оның не айтқанын әрең түсініп тұрдым.

I haven't seen her lately.

Соңғы кезде (уақытта) мен оны көрмедім.

Badly үстеуінің екі түрлі мағынасы бар:

1) жаман; 2) өте

Мысалы:

Marat dances badly. Марат жаман билейді.

I need you badly. Сіз маған өте керексіз.

to feel (сезіну), to look (көру, көріну), to seem (көріну, елестеу), to taste (дәмі болу), to sound (естілу), to become (қалыптасу) етістіктерінен кейін ағылшын тілінде сын есім жиі қолданылады. Мұндай жағдайларда аталмыш етістіктер байланыстырғыш қызметін атқарады (адам немесе заттың қалпын көрсететін to be етістігіне ұқсас)[3.2956].

Мұндай кезде етістік үстеу арқылы (сын есіммен емес) анықталады.

Мысалы:

Do you feel comfortable?

Сізге жайлы ма?

She looks pale.

Оның өңі солғын (сөзбе-сөз: Оның өңі солғын көрінеді).

Кейбір ағылшын үстеулері салыстырмалы шырайларды ережеге сәйкес жасамайды.

Оларға:

well

жақсы

badly

жаман

better

өте жақсы

worse

нашар

best

бәрінен жақсы

worst

бәрінен нашар

much	more	most
көп	көптеу	бәрінен көп, барлығынан көп
little	less	least
аз	аздау	бәрінен аз, барлығынан аз
far/further;	farther	furthest; farthest
алыс	алысырақ	бәрінен алыс, барлығынан алыс

Ережеге бағынбайтын үстеулерді түсіндіру, оқушылардың, тіл үйренушілердің тілді жылдам меңгеруіне қиындық келтіруі мүмкін, сондықтан мұғалім көбірек көңіл бөліп, осындай жайттарды ескеріп отыруы керек. Жоғарыдағы жүргізілген талдаудан көріп отырғанымыздай қазақ және ағылшын тілдеріндегі үстеулерде айтарлықтай ұқсастықтар бар, сол ұқсастықтар трансференциялық құбылыс туындатып, тиімді ықпал жасайды. Білікті де білімді маман айтылған ұқсастықтарды ұтымды пайдаланып, екі тілдегі кейбір айырмашылықтардың оңтайсыз ықпалын болдырмауға тырысады. Әрине, оны жүзеге асыру үшін ағылшын және қазақ тілдерін тілдің барлық деңгейінде толық зерттеп алу пайдалы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Арпабеков.С, Әбдікұлова Р.М, Күзекова З.С/ «Үстеу» 75-77 б/ Қазақ тілі анықтамалық/ Алматы,2004.
2. Баданбекқызы З. «Морфология» р.4, 6 ,8 б/ Ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы Алматы,2010.
3. Качалова. К.Н, Израелевич. Е.Е «Наречие» стр.292-300/Практическая грамматика английского языка / Киев «Методика»,2003.
4. Pilbeam A. “Characteristics of adverb” p.110-111/ English grammar in English Cambridge /2004.
5. Rayevska N. M. ,“Adverb” p151-153/ Modern English Grammar/ Kiev, 1974.